ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

2 апта

9-11 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

2 апта

Апталық кітап:

- **9-сынып:** Сайын Мұратбеков «Жусан иісі»
- **10-11-сынып:** Ілияс Есенберлин «Көшпенділер. I кітап»

Апталық челлендж:

«Өзіме хат»

Апталық жоба:

«Алғыс хат»

Апталық отбасылық тәрбие сағаты

«Еңбекқорлық»

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

«Дұрыс шешім»

Отбасымен бірге көруге арналған фильм:

- "АЛДАР КӨСЕ" https://www.youtube.com/watch?v=KQ9rGe4idlk
- Того – www.kinopoisk.ru/film/1173444/
- ВАЛЛ-И – www.kinopoisk.ru/film/279102/

Апталық қолөнер жұмысы:

Сурет салу

2 апта

Апталық челлендж:

- «Өзіме хат»

Қажетті материалдар: futureme.org, future-mail.org сайттары
Орындалуы: ""Сіз өзіңізді 5 жылдан кейін қалай елестетесіз?", "Болашақта өзіңіздің қандай қасиеттер мен құндылықтарға ие болғаныңызды қалар едіңіз?", "Ол жағдайға жету үшін қазір сізге не жетпей тұр?" деген сұрақтарға жауап беру арқылы ата-ана мен оқушы кемінде бір жылдан кейінгі уақытты елестетіп, болашаққа хат жазады. Алайда, ол хат өзіне ғана арналады. Мәселен, "Сен 20 жастасың. Қалаған оқу орныңа түсіп, студент атандың. Ол үшін, әрине, тынбай еңбек еттің. Университеттегі достарыңның немесе құрбыларыңның арасында өте сыйлысың, оған көп оқу мен өзіңді жан-жақты дамыту арқылы жеттің..." т.б. Жазылған хатты жоғарыдағы сілтемеге жолдаса, 5 жылдан кейін интернет желісімен өзінің жеке электронды поштасына келіп түседі.

Аптаның жобасы:

- Алғыс хат

Қажетті материалдар: Қалам мен қағаз \ телефон \ компьютер.
Орындалуы: Оқушы бәрінің есінде қалатын, басқаларға ұнайтын, оларды ынталандыратын, шабыттандыратын және үміт беретін оқиғалар жазып жібереді. Оқиғаның соңында оқушы міндетті түрде бір немесе бірнеше адамға алғысын білдіруі керек. Мысалы, мұғалімдер мен ата-аналар туралы естеліктер, мектептегі достары туралы оқиғаларды жазып, соңында "Күнімнің керемет өткені үшін ұстазымызға алғыс білдіремін, өйткені……." деп жалғастырады.

2 апта

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

«Еңбекқорлық»

Еңбекқорлық жайында ғибратты әңгіме:

Өмірде не маңызды?

Мұғалім оқушыларға уақытты дұрыс пайдалануға қатысты тәжірибе көрсетті. Шыны ыдысқа жұдырықтай тастарды салады. Ыдысқа басқа тастың сыймайтынын көріп: «Бұл ыдыс толды ма?» - деп сұрайды. Оқушылар: «Иә, толды!» - деп жауап берді. Мұғалім: «Жоқ толмады», - дейді де үстелдің астынан жаңғақ сияқты тастарды шығарып, үлкен тастардың арасына толтырады. «Ал енді толды ма?» деп сұрайды. Олар: «Толмаған шығар», дейді. Мұғалім енді үстелдің астынан қиыршық тас шығарып, тастардың арасын толтырды. «Ал, балалар! Бұл тәжірибеден қандай қорытынды шығады?» - деп шәкірттеріне қарайды. Ешкім үндемеді. Мұғалім: «Бұл тәжірибеден шығатын нәтиже мынау: егер өмірдегі кішкентай нәрселерге көңіл бөлсең, үлкен мәселелерге, яғни маңызды істерге уақыт қалмайды.

Ал, өмірдегі маңызды нәрселер нелер? Ата-ана, бауыр, дос, білім, денсаулық, елге қызмет ету... үлкені осылардың біреуі не бірнешеуі немесе бәрі болуы мүмкін. Енді жақсылап ойланып, өздерің үшін ең маңыздысын табыңдар. Мынаны мұқият тыңдаңдар: үлкен істерді бірінші орындамасаңдар, керексіз істермен өмір өтіп кетеді. Ол кезде не өзіңе, не айналаңа, не Отаныңа пайдалы бола алмайсыңдар», - дейді.

2 апта

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: «Дұрыс шешім»
Мақсаты: өмірде кездесетін түрлі жағдайларда оңтайлы, дұрыс шешім шығаруға баулиды.
Орындалуы: Бұл қойылымға екі ойыншы қатысады. 3-адам осы қойылымға түсіндірме беріп, бірнеше жағдаяттардың болатынын және олардан қалай шығу керектігін талқылап, шешімін табуға көмектеседі. Мысалы:
1.“Сіз басқа қаладан сөмке сатып алдыңыз. Үйге келген соң әлгі сөмке мүлдем көңіліңізден шықпай қалды. Сыныптасыңызға сөмке қатты ұнап, оған сатуыңызды сұрап тұр. Бағасын ешкім білмейді, сондықтан сіз кез келген бағаны қоя аласыз. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?”
2.“Сіз әжеңізбен бірге адам толы автобусқа міндіңіз. Өзіңізбен қатар жастардың қасыңыздағы қарт адамның мінгенін көрсе де, байқамаған кейіп танытып, орын беретін ойлары жоқ. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?”
3.“Сіз тұрғылықты мекеніңізден қашықта орналасқан базардан сырт киім сатып алғалы тұрсыз. Ол жер алыс болғандықтан өте сирек келесіз. Сіздің ақшаңыз сәл жетіңкіремей тұр. Сатушы сізге сенетінін және қалған ақшаны ертең әкеліп беруге болатындығын айтты. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?”

www.qundylyq.kz